

Телефон байланысы арқылы қызмет көрсету Ережесін әзірлеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 579

1. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті "Казахтелеком" ҰАК 1996 жылғы 27 қарашадағы қаулысымен сөйлескен және сөйлескен уақыты бар болғанда абоненттердің нөмірін көрсете отырып телефонмен сөйлескені рас болған жағдайда ғана қала ішіндегі сөйлескені үшін абоненттерден сөйлескен уақыты бойынша төлем алуды міндеттегені еске алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін телефонмен сөйлесу уақыты бойынша есептеуге мүмкіндік жасайтын жабдық орнатуды аяқтау шараларын қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылдың 20 желтоқсанына дейінгі мерзімде:

уақыт бойынша есептеу, абоненттерге қызмет көрсету, ақпаратты жинақтау және сақтау жабдығына техникалық талапты, байланыстың автоматты түрде уақыты бойынша есептеу (БАУЕ) енгізудің жоспар-кестесі мен бизнес-жоспарын;

қала ішіндегі сөйлесулерге уақыты бойынша төлем жасау кезінде тұтынушыларға телефон байланысы арқылы қызмет көрсету Ережесін әзірлеп, бекітсін.

Байланыс кәсіпорындарын техникалық құралдармен жарақтандыру шаралары бойынша қала ішінде телефонмен сөйлескені үшін уақыты бойынша төлем жасауды кезең-кезеңмен енгізуге бақылау орнатсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті "Казахтелеком" ҰАК герман несиесінің валюта қаражаты мен телефон байланысын пайдаланатын тұтынушылардан алынған қаражатты пайдалану бөлігіндегі қызметіне тексеру жүргізсін, белгіленген заңмен шара қолдансын және нәтижесі туралы 1997 жылдың 1 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне мәлімдесін.

Премьер-Министр